

## Арнаулы салық режимі негізіндегі бір жолғы талон құны туралы

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 2009 жылғы 18 ақпандағы № 12-2 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 3 наурызда № 7-11-88 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 13 мамырдағы № 10-3 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихаттың 13.05.2013 № 10-3 шешімімен**

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексын (Салық кодексі ) қолданысқа енгізу туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" және "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Арнаулы салық режимі негізіндегі бір жолғы талондар құны жеке тұлғалар үшін N 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Ара тұра сипатта кәсіпкерлікпен айналысатын жеке тұлғалар үшін бір жолғы талондар құнының мөлшері туралы" аудандық мәслихаттың 2003 жылғы 20 мамырдағы № 22-3 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2172 болып тіркелген, 2003 жылғы 13 маусымдағы аудандық "Екпін" газетінің 24 нөмірінде жарияланған), "Аудандық мәслихаттың 2003 жылғы 20 мамырдағы № 22-3 "Ара тұра сипатта кәсіпкерлікпен айналысатын жеке тұлғалар үшін бір жолғы талондар құнының мөлшері туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 2 наурыздағы № 20-3 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-11-24 болып тіркелген, 2006 жылғы 17 наурыздағы аудандық "Екпін" газетінің 12 нөмірінде жарияланған), "Аудандық мәслихаттың 2003 жылғы 20 мамырдағы № 22-3 "Ара тұра сипатта кәсіпкерлікпен айналысатын жеке тұлғалар үшін бір жолғы талондар құнының мөлшері туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2008 жылғы 7 наурыздағы № 5-3 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-11-65 болып тіркелген, 2008 жылғы 17 сәуірдегі аудандық "Екпін" газетінің 20-21 нөмірлерінде жарияланған) және "Аудандық мәслихаттың 2003 жылғы 20 мамырдағы № 22-3 "Ара тұра сипатта кәсіпкерлікпен айналысатын жеке тұлғалар үшін бір жолғы талондар құнының мөлшері туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2008

жылғы 28 қазандағы № 10-4 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-11-76 болып тіркелген, 2008 жылғы 13 желтоқсанда аудандық " Екпін" газетінің 66 нөмірінде жарияланған) шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы шешім аудандық "Екпін" газетінің бір нөмірінде (директор-редакторы С. Ашығалиев) жариялансын.

*Сессия төрағасы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*В.Н. Федосов*

*Қ. Нұрмұханов*

Аудандық мәслихаттың  
2009 жылғы 18 ақпандағы  
№ 12-2 шешіміне  
№ 1 қосымша

## **Арнаулы салық режимі негізіндегі бір жолғы талондар құны**

### **Жеке тұлғалар үшін**

р / н	Қызметтер түрі	Б і р жолғы талондар құны
1	Газеттер мен журналдар, тұқым, сондай-ақ, отырғызылатын материал, бақша дақылдарын, саяжайларды және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдерді, қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшашылық және саяжай учаскелерінің өнімдерін, жануарлар мен құстардың жемдерін, сыпыртқылар, сыпырғылар, орман жидегін, бал, саңырауқұлақ және балық сату (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда)	30 теңге
2	Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметі	2 3 5 теңге
3	Үй жануарлары мен құстарын бағуды жүзеге асыратын жеке тұлғалар:	
	1 0 0 б а с қ а д е й і н	50 теңге
	1 0 0 - д е н 1 5 0 б а с қ а д е й і н	70 теңге
	1 5 0 - д е н 2 0 0 б а с қ а д е й і н	90 теңге
	200 бастан жоғары	1 0 0 теңге